

Смағұлова Ж.С.<sup>1</sup>, Парманова Ұ.И.<sup>2</sup>,

ҚМЭБИ университетінің

<sup>1</sup>а/профессоры, PhD., <sup>2</sup>гуманитария ғылымының магистрі, магистранты,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: [juldyz@kimep.kz](mailto:juldyz@kimep.kz), [u.parmanova@gmail.com](mailto:u.parmanova@gmail.com)

## ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДЕРІ ЖӘНЕ ЕСІМ ҚОЮ ДӘСТҮРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Ат-есімдер тұлғаға телінетін атаулар ғана емес, тарихи-мәдени контекст пен экстралингвистикалық маркерлерден (аймақ, тап, ұлт және дін) хабар беретін антропонимдік символдар. Мақала авторлары қазақ есім қою дәстүрінің қазіргі жай-күйін зерттеу, Қазақстанның қалалық аймақтарындағы антропонимдік әлеуметтік үрдістерді зерделеу мақсатын көздейді. Бұл зерттеудің мақсаты – Алматыда тұратын қазақтілді және орыстілді қазақтардың есімдерін негізге ала отырып, дәстүрлі есім қою үрдісіндегі өзгерістер мен оған әсер ететін әлеуметтік факторлардың көрінісін талдау. Мақала авторлары қазақ антропонимдері мен есім беру дәстүріне арналған бұған дейінгі отандық және шетелдік авторлар еңбектеріне шолу жасап, зерттеудің өзектілігін дәлелдей түскен. Зерттеу нәтижесінде квантитативті тәжірибе негізінде жинақталған 1700-ден аса есімді негізге ала отырып, ұрпақтар арасындағы ат қою дәстүрінің өзгерісін байқап, оған әсер етуші себептер анықталған. Зерттеу қорытындысы есім таңдаудағы ұрпақтар арасындағы алшақтықты және айрықша өзгерістерді көрсетті. Қазіргі қазақ есімдері формасы жағынан қысқарғанын, қазақ тілінің төл дыбыстарын қамтымайтын есімдердің көбейгенін және дәстүрлі қазақ тұлғаларының (мыс., *-бай*, *-бек*, *-ғали/қали*, *-гелді/келді*, *-мырза* т.б.) ат-есімдерге жалғанбай, сиреп бара жатқанын көруге болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері қазақтілді респонденттер мен орыстілді респонденттердің жауаптарындағы есімдердің фонетикалық, морфологиялық және семантикалық өзгерістер мен ерекшеліктердің барын байқатады.

**Түйін сөздер:** қазақ есімдері, қазақ есім беру дәстүрі, антропонимия, ономастика.

Smagulova J.S.<sup>1</sup>, Parmanova U.I.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>A/Professor, PhD., <sup>2</sup>MA in Linguistics, graduate student  
of KIMEP university, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: [juldyz@kimep.kz](mailto:juldyz@kimep.kz), [u.parmanova@gmail.com](mailto:u.parmanova@gmail.com)

### Kazakh first names and changing naming practices

Personal names are not just labels put on individuals, they are symbols that reflect the cultural and historical context and location, denote gender, class, ethnicity, and religion. Names and their display have a potent effect on people's judgments and life as well. Authors see proper names as located between the world of our thoughts, beliefs and desires and the world of our actions, institutions, and practice. Thus the study of changing first names is a way to explore social processes in urban Kazakhstan. The aim of this study is to track changes in naming practices of ethnic Kazakhs, both Kazakh-speaking and Russian-speaking, residing in Almaty. This paper includes a wide review of the literature as Kazakhstani and foreign authors regarding naming traditions, changing realities in anthroponyms and their meaning. Paper draws upon more than 1,700 personal names collected from three generations of 61 participants (students of local universities) currently residing in Almaty. Quantitative and qualitative analysis of the data shows the main factors that have influenced the traditional practice of naming in Kazakh culture were identified. The study revealed that there is a distinct change in the choice of names across generations. The names became shorter, there are fewer names containing specific name suffixes (e.g., *-bai*, *-bek*, *-gali/qali*, *-geldi/keldi*, *-myrza* etc.) and specific Kazakh sounds, more female names are explicitly marked for gender, etc. There are also differences in naming practices between Kazakh and Russian-speakers as well as differences in male and female name preferences. Analysis of changing naming practices reveal current social processes of social distinction and uncover symbolic ethnicity, class, gender, religion-based cultural boundaries in Kazakhstan. The study demonstrates that examining names as cultural indicators and indicators of social change could be a fruitful line of inquiry for studying socio-cultural change.

**Key words:** naming practices, Kazakh personal names, naming traditions, Kazakh anthroponomy, sociolinguistic analysis, anthroponomastics, Kazakh onomastics.

Смагулова Ж.С.<sup>1</sup>, Парманова У.И.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>PhD, а/профессор, <sup>2</sup>магистр гуманитарных наук, магистрант  
университета КИМЭП, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: juldyz@kimep.kz, u.parmanova@gmail.com

### Современное состояние казахских личных имен и меняющиеся традиции

Личные имена служат номинативным компонентом личности человека, а также отражают культурно-исторический контекст того или иного народа в целом, и конкретного социума в частности. Антропонимы не только историчны, но и глубоко национальны и являются важным средством отражения национальной культуры, содержат информацию о свойствах этноса. Являясь особыми социально-культурными знаками, антропонимы содержат в себе признаки формального и семантического характера, которые не ограничиваются только лингвистическими факторами. В данной статье рассматривается нынешнее состояние казахских личных имен в городской среде и выявлен ряд экстралингвистических факторов, меняющих современные реалии. Авторы статьи сделали широкий обзор литературы как отечественных и зарубежных авторов касательно традиций именования, меняющихся реалий в антропонимов и их смысла. В результате качественного и количественного анализа собраны и проанализированы более 1700-ти единиц (имен собственных в трех поколениях) и выявлены основные факторы, влияющие на традиционную практику именования в казахской культуре. Статья посвящена специфическим особенностям казахских имен собственных как особых языковых единиц в лексической системе языка в целом и в ономастическом континууме в частности. В статье также обсуждаются морфологические (напр., *-бай*, *-бек*, *-гали/кали*, *-гелді/келді*, *-мырза* т.б.) и семантические изменения в системе имен собственных.

**Ключевые слова:** казахские имена, казахские личные имена, традиции наименования, казахская антропонимия, антропология, ономастика.

#### Кіріспе

Есімдердің заман мен идеология, мәдениет пен тарих, қоғам мен салт-дәстүр мәселелерінен хабар беретіні мәлім. Есімсіз адамды және есім қою дәстүрі жоқ қоғамды елестету қиын. Десе де бірді-екілі антропонимиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша кей қауымдастықтарда өмірге келген/шала туылған немесе шетінеп кеткен сәбиге есім бермейтіні анықталған. Мысалы, Фейнберттің зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, Анута халқында туыла сала қайтыс болған не шала туылған сәбилерге ат қою дәстүрінің жоғын айтқан (Feinberg, 1983: 29). Ал қазақ халқында дүние есігін ашқан сәбиге де, дүниеге келмеген сәбиге де есім беру салты бары мәлім.

Әр қоғамның әр заманда ұрпақтан ұрпаққа көшіп, келе жатқан өзіндік антропонимдік дәстүрі бары анық. Қазақ халқының да балаға есім беруде ежелден келе жатқан сенімі мен әдебі бар. Сәбиге ат еншілетудің қазақ мәдениеті мен салтында алар орны ерекше және аса ұқыптылықпен орындалатын ғұрып десек, артық айтпаймыз. Нәресте «көтере алатын және көтере алмайтын» есімдердің қойылу заңдылығын сақтап, оның тағдырына әсері мен есімнің қоғамдық ықпалына мән берілген. Ата-бабаларымыз дүниеге жаңа келген балаға үлкен тұлғалардың есімін бергенімен, әулие-

әмбиелердің есімдерін беруге асықпағандығы да содан (Карин, 2017: 7).

Демек балаға ат беруді қалыпты салт не үрдістердің бірі ретінде бағаламай, оның жауапты, әрі мән мен мағынаға толы әдеп-ғұрып екені түсінікті. Себебі есімдер тұлғаның жеке қасиеттерін танытып қоймай, тұтас ұлттың психологиясы мен мәдениетінің көрінісінен хабар беретін антропонимдік модельдер. Қазақ есімдерінің тарихын жазған Жанұзақов кісі есімдерінің қоғамдық тұрмыс, әлеуметтік құрылымымен қатар «материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын» көрсете алатын әлеуеті және кісі аттары мен халықтың тарихи дәстүрлерінің арасын байланыстыратын «тозбас желі» барын атап өткен (Жанұзақов, 1971: 23).

Аталған факторлардан бөлек, кісі аттарының қоғамдық мәні барын да ескеру маңызды. Ат-есімдердің халықтың әлеуметтік-мәдени өмірінің айнасы, есім иесінің әлемді қабылдауы мен тілдік бейнесі екенін бірқатар шетелдік ғалымдар (Никонов, 1974, Mutunda, 2016, Agyekum, 2006, John W. Kulig, 2013) мен отандық ғалымдар (Жанұзақов, 1971, Керімбаев, 1995, Ә. Қайдар, 1988, Мәдиева, 2018) тілге тиек етіп, зерттеулеріне арқау қылған.

Қазақ этногенезі мен этнологиясына талдау жасаған профессор Сейдімбек адам есімдері арқылы «белгілі бір уақыт аясындағы белгілі бір

халықтың тұрмыс-тіршілігін..., сондай-ақ басқа ел-жұрттармен болған қарым-қатынастарын..., тарихи-әлеуметтік ахуалын» пайымдауға болатынын ерекшелеп айтқан (Сейдімбек, 2008: 98-99). Америкалық үндістердің есімдерін аударған Сепир аналитикалық талдауынан олардың Навахо (Navaho), Чипеуан (Chirewuan), Кутчин (Kutchin), Плайан (Plaians) тайпаларымен байланысының нәтижесінде Сарси есімдерінің өзгеріске түсіп, толыққанын анықтаған (Sapir, 1924: 108). Ганалық ғалымның Акан тайпасының жалқы есімдерін саралаған социолингвистикалық зерттеуі де алдыңғы ойларды дәлелдей түседі. Автордың ойынша, «есім беру әлеуметтік және мәдени ассоциациялардың индексі» саналады (Agyekum, 2006: 219).

Кісі аттарының адамның жеке қасиеттерінің белгісі, нәрестенің физиологиялық сипатынан хабар беретін және тұлғаның ортамен қарым-қатынас орнатуының құралы ретінде қызмет ететіні де дәлелденген. Звебнер бастаған ғалымдар көлемді зерттеудің нәтижесінде адам есімін «сыртқы әлеуметтік фактор» ('external social factor') ретінде бағалап, әр есімнің адам мінезінен, әрекет-танымынан, сыртқы келбетінен хабар беретін «әлеуметтік белгі» ('social tag') тұжырымын дәлелдеді (Zwebner, 2017: 528).

Осы зерттеуіміздің мақсаты да қазақ есім беру дәстүріндегі заңдылықтардың өзгеруі, қазіргі жай-күйі, әлеуметтік және тілдік ерекшеліктердің қазақ ат-есім қою практикасына әсерін байқау.

### Тәжірибе мен әдіснама

Қазақ есімдерінің қазіргі жай-күйін зерттеу, ондағы өзгерістерді сипаттау және экстралингвистикалық ерекшеліктерді бағалау мақсатында жүргізілген зерттеуде квалитативті (сандық) әдіс қолданылды. Мәліметтер жалпы саны жеті сұрақтан тұратын қазақ және орыс тілдеріндегі сауалнамалар арқылы жинақталды. Сауалнама қатысушыларына жасы, туған жері, үйде сөйлеу тілі туралы ақпарат қамтылған паспорттық бөлімнен тыс, өзінің және бауырларының аты, ата-анасы мен олардың бауырларының есімдері, ата-апалары мен арғы ата-бабасының есімдерін жазу ұсынылды.

Сауалнамаға қатысушылар Алматы қаласында білім алып жүрген 16-21 жас аралығындағы студент жастар (70%-ға жуығы әйелдер, 30%-ға жуығы ер азаматтар). Жалпы саны 61 студентті құрайтын респонденттер

тілдік ерекшеліктеріне қарай қазақтілді (60%) және орыстілді (40%) болып екіге бөлінді. Респонденттердің 35%-ы Алматы қаласы мен Алматы облысының тұрғындары, 17%-ы Қызылорда облысының, 13%-ы Батыс Қазақстан, 10%-ы Түркістан облысының тумалары, ал қалған 15%-ы Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан мен Жамбыл облысында туғандар.

Паспорттық бөлім анализінің қорытындысы бойынша, қатысушылардың басым көпшілігі (59%) үйінде қазақ тілін, үштен бірі (29%) орыс тілін қолданатынын және қалған бөлігі (12%) үйдегі қарым-қатынаста қазақ және орыс тілдерін қатар қолданатынын жеткізді.

### Нәтиже мен талқы

Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша, барлығы 1704 есім жиналды. Оның ішінде 149 есім респонденттердің арғы ата-бабаларының есімдері, 209-ы ата-әжелерінің есімдері, 526-ы ата-аналары мен олардың бауырларының есімдері болса, 828 есім қатысушылардың өз есімдері мен қатарластарының (1997 жылдан кейін дүниеге келгендер) есімдерін қамтыды.

Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, қазақтың байырғы есімдерінің жаңа буын өкілдері арасында сирек кездесетінін көреміз. Мысалы, *Айғарақ, Төлеу, Зейнолла, Балтабай, Бекет, Бимахан, Жауынбай, Шымырбай, Хилаш, Дәулетқали, Күзтүтін, Темірбек, Кененбай, Әнес, Темірғали, Ешімбай, Түреш, Қыйықбай, Бөлеген, Бисен, Түйебай, Жабық, Секер, Қалтай, Манап, Күнберген, Бегалы, Аманкелді, Мырзахмет, Жұмахан, Әшімғали, Сәлімкерей, Досқали, Көкеш, Балташ, Ризалық, Төлеуғазы, Маулышариф, Насытқали, Бектелбай, Сайгерей, Медеубай, Зейфолла, Қайырбек, Сапарбай, Шылбы, Өмірзақ, Аман, Оразтай, Алтысбай, Сахай, Нүсіпәлі, Налибай, Сақ, Назар, Сары, Тастемір, Қалтай, Смағұл, Дуанбай, Таңатар, Нышан, Мыңбай, Байжігіт, Жаңабай, Ақмырза, Нышан, Кәрібай, Жарықбас, Тұрмахай, Қабдуали, Тастанбек, Байқонақ, Жолдыбай, Бағаналы, Шайкөз, Тұманбай, Ахмет, Жаубасар, Бәзіл, Кедім, Оспан, Ешпан, Жылкелді, Малкелді, Көсеп, Тұяқ, Байсын, Досмағанбет, Раис, Есмағамбет, Бердалы сынды ер есімдері мен *Нарилә, Бибайша, Әнапия, Әнтай, Мағрай, Қантай, Лайық, Дәріш, Қатира, Дәркен, Айғанша, Бүбіхан, Тазагүл, Камал, Бағыла, Бижамал, Айтжамал, Зәуида, Әзілям, Мәниза, Күлташ, Балия, Майда, Жамыш, Зұхра, Тұрымтай, Нұргүлсім, Марзия,**

*Ғазия, Күлән, Пәзилә, Гүлжазира, Күлайхан, Орынкүл, Зибәгүл, Күлишат, Кенжетай, Құндыз, Қатипа, Тәжібике, Нұрғайша, Бәтима, Биғайша, Қиуа, Күлтәй, Теңге, Бике, Қатыш, Жезтай, Нұрболхан, Мукарам, Ұлту, Ұлтуар, Бағытай, Қалампыр, Айымша, Дүйсенкүл, Бәтен, Үмітқан, Орынтай, Күләйя, Хатшагүл, Шәріпжамал, Биболат, Сырғасүл, Күлзипа, Қойқын, Бикен, Орынбике, Патшайым, Қанымкүл, Оралбибі, Гүлжамал, Шамшырақ, Мақеш, Нұрхан, Зейкамал, Қуласыл, Зақира, Бейсенкүл, Сұлушаш, Жұмакүл, Шәрікүл, Зада, Зағипа* сынды әйел есімдерін 1997 жылдан кейін туған жас ұрпақ санатында кездеспейді. Алайда арғы ата-баба есімдері тобына *Борис, Тамара, Надежда, Валентина, Наташа, Эмма* сынды орыс немесе батыс есімдері мен *Маульшариф, Райыс, Исабек, Жүсіп, Ғиззат, Мәмбеталы, Мукарам* сияқты діни есімдер кездеседі.

Орыс тілі мен мәдениетінен кірген есімдер сауалнамамыздың «Ата-аналар» тобында да ұшырасады. Мысалы, *Нелли, Света, Эльвира, Эльмира, Гуля, Венера, Замира, Майра, Мира, Гүлмира, Клара, Рима* советизмдері кеңес үкіметі кезінде пайда болып, тілімізге шамамен 30-жылдарда ене бастаған. Колониялды режимді басынан өткерген елдер сияқты қазақ халқы да Кеңес үкіметі кезіндегі саяси жағдайға байланысты төл есімдерінен айнып, ұлттық ренкін, мәдени маңызы қазаққа жат есімдерді иеленгені белгілі. ХХ ғасырдың екінші ширегінде пайда болған *Октябрина, Мэлыс, Эмиль, Тельман, Суньят, Марат, Сібір, Ленишил, Ренат, Мәскеубай, Вильжан, Яатея, Мира, Гүлмира, Эльмира* сияқты есімдерінің шығу тегін Жанұзақов «әрбір кісі аты өзінің шыққан заманы мен дәуіріне, оның тілдік заңына байланысты» (Жанұзақов, 1971: 23) болуымен және «совет өкіметі жылдары халқымыздың талабы мен талғамының, мәдени өрісі мен дәрежесінің өсуіне орай» (р. 69) деп түсіндіреді. Соңғы себептің Кеңес үкіметі қысымы мен цензурасының ығымен жазылғаны түсінікті. Сондай-ақ, ғалым Асқар Смағұловтың пікірінше, сол дәуірде қазақтың «ат қою шығармашылығында қысқарған және қолдан жасалынған есімдер» пайда бола бастады (Смағұлов, 2013: 372). Оның ішінде батысеуропалық есімдер (Жанна, Марат, Роллан, Клара) мен кірме есімдер де аталады.

Жаңа буын өкілдерінің есімдерінде мүлде кездеспеген құрамалы бөлшектердің қатарына қазақ ер есімдерінде келетін *-басар* (Орынбасар, Жаубасар), *-келді/гелді* (Жылкелді, Малкелді, Амангелді), *-ғали/қали* (Досқали, Бақытқали,

Ырысқали, Нәсіпқали, Әшімғали, Темірғали, Ғали, Серғали, Әбдіғали), *-ымбет/імбет* (Нұрымбет, Нұрмағамбет, Есмағамбет), *-мырза* (Мырзахмет, Ақмырза, Мырзабек) тұлғаларын жатқызсақ, арғы апаларымыздың есімдерінде кездесетін *-күл* (Ырыскүл, Күлай), көне лауазым атауы болып саналатын *-хан* қосымшасы мен еркелету, құрметтеу мәнді *-қан* қосымшасы (Орынхан, Сұлухан, Үмітқан), *-ша/ше/ш* қосымшалары мен *-аш/еш, -ыш/іш* формалары (Нұрғайша, Биғайша, Айымша, Хатшагүл, Орынша, Бибәйша, Айғанша, Жәміш, Дәріш, Қатыш) бірліктерін атауға болады.

Жастар арасында өте сирек кездесетін қосымшалар тобына *-бай* және *-келді/гелді* элементтерін жатқызамыз. «Бай» тұлғасы орыстілді респонденттердің «жас буын» тобында бір рет (Бектелбай), қазақтілді жастарда (Байдос, Елубай, Байдәулет, Бөгенбай) төрт рет кездесті.

Қазақтілді қазақтарпен орыстілді қазақтардың жауаптарына үнілсек, соңғыларынан көбіне орысша жазылымы бойынша жауап алдық. Мысалы, сауалнамамызда *Әсел* деп жазудың орнына *Асель, Жәміш* деп таңбалаудың орнына *Жамыш, Нұргүлсім* деудің орнына *Нургулсым, Елдос* дегеннің орнына *Ельдос, Әріпжан* деудің орнына *Арибжан, Ерлан* деудің орнына *Эрлан, Қайырбек* деудің орнына *Каирбек, Көкеш* есімінің орнына *Кокеш* түрінде жазылған мысалдар алынды.

Сауалнамамыздың сандық көрсеткіштеріне қарасақ, қазақтілді респонденттер мен орыстілді респонденттердің жауабынан тағы бір мәдени-әлеуметтік ерекшелік байқалады. Орыстілді респонденттердің 16%-ы ата-әжелері мен арғы ата-бабаларының есімдерін білмейтін болып шықты. Бұл кемшіліктің төркінін «ата-әже мен бала» және «ата-ана мен бала» туыстық қарым-қатынасының әлсіздігі мен рухани әрі ұлттық сабақтастықтың босандығынан деген тұжырымға келеміз.

Қазақ есім қою дәстүрінің бірі – ұйқастыра қою да 2000 жылдың төңірегінде қойылған есімдерде сирек кездесіп, көне дәстүрге айналып бара жатқандай көрінді. Себебі, бұл дәстүрдің сақталғанын арғы ата-баба, аға буын өкілдерінен көрсек, жастар тобында ұйқастыра қою дәстүрінің азайғанын байқаймыз. Десе де, қазақ антропонимжасамын терең зерттеген Бекжан Әбдуәлиұлы өз еңбегінде ұйқастыра қоюдың түрлерін қазіргі қазақ есімдерінің құрамында көптеп кездесетінін айтқан (Әбдуәлиұлы, 2012:302).

Жиналған мәліметтердің көлемі мен мазмұнына қарап, жастар тобы есімдерінің транс-



формациясын бақылауға болады. Мысалы<sup>1</sup>, *Арсен, Амир, Алисұлтан, Алмат, Ельдар, Дидар, Эльдан, Фаих, Афис, Искандер, Дамр, Тимур, Ансар, Имран, Алан, Аслан, Амирхан, Диас, Димаи, Алинур, Нурали, Альтаир, Алишер, Алим, Равиль, Дамир, Адиль, Асад* сынды ер есімдері мен *Камилла, Аделя, Адина, Алуа, Даяна, Данель, Жанель, Амилия, Айя, Анеля, Маруа, Адия, Альмира, Раяна, Дайана, Улнара, Диляра, Элина, Фериде, Манара Лунара, Венера, Медина, Аяна Елнара, Наргиза, Аруна, Сафия, Илана, Амина, Айсана, Далила, Рейна* сынды қыздардың есімдері сөзімізге дәлел.

Ғалым Жанұзақовтың пікірінше, жаңа ат қою және кірме есімдерге қарай ығысушылық дәстүрі ХХ ғасырдың 50 жылдарынан басталған. Сондай-ақ, Жанұзақов «қазақ төл антропонимдерінің таңдаулы, ең сұлу, айшықтыларын талғап», таңдалған есімдердің айтуға жеңіл болу шартынан бөлек, *интернационалдық бағытқа* қарай икемдеу ұстанымының басым болғанын жеткізеді (Жанұзақов, 1971: 70).

Сауалнама нәтижелері бойынша, «жастар» тобындағы ер есімдері қысқарғанын және басым көпшілігі 2 буынды, жасалу жолына қарай 1 құрамды, түбір тұлғалы болып келетіндігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, жалпы есепте «жастар» тобындағы қыздар есімдерінің 38.2%-ы «а» әрпімен басталса, 54.2% «а» әрпіне аяқталатыны анықталды.

### Қорытынды

Қорыта келе, қазіргі қазақ антропонимдері түрлі экстралингвистикалық факторларға байланысты өзгеріске түсіп, жаңа есімдермен

толығып жатқаны сөзсіз. Бекжан Әбдуәліұлы санамалап өткен факторлардың, нақтырақ айтқанда, «ислам факторы», «ұрпақ факторы», «тұрмыстық фактор», «үйлесім факторлары» (Әбдуәліұлы, 2012: 265) әсер етпей қоймағанын зерттеу барысында көз жеткіздік.

Алайда кірме есімдер (Өнел, Жанел, Диана, Элонора, Карина, Дамир), әлемдік тұлғаларға қатысты есімдер (Жанна, Данил) және саяси-мәдени науқандарға қатысты қойылған есімдердің (Астана, Саммитбек, Азиада т.б.) «біздің антропонимдік қорымызды байытып жатыр» (Тұранов, 2012: 215) дегенге келісу қиын. Осы іспеттес есімдерді, атап айтқанда, *Клара, Роза, Жанна, Гүлжана, Әсема, Гүлнара* есімдерін этнограф Ақселеу Сейдімбек «қазақ болмысына үйлеспейтін есімдер» қатарына жатқызады. (Сейдімбек, 2008: 99).

Жаһанданумен бірге мәдениетіміз бен санамызға еніп жатқан батыс дәстүрі мен ықпалы ат-есім қою ғұрпына да әсер етіп жатқаны анық. Төл тілдік бейнемізді, ұлттық ерекшелігіміз бен бірегейлімізді сақтау бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Қ. Әлімқұлов, М. Қасымбековтің ат қою жауапкершілік екенін және адам есімінің «ұлттық ұнасымға сай, әдемі әрі мағыналы» болуын баса айтуы да содан деп ойлаймыз (Әлімқұлов, 2004: 13).

Антропонимдік, ономастикалық зерттеулер заман өзгеруі мен қоғамдық қатынастардың өзгеруі нәрсестеге ат таңдау, есім беру үрдісіне ықпал ететінін дәлелдеп келеді. Сауалнамамызда тіркелген *Даяна, Елнара, Тамир, Аруна, Наргиза, Арсен, Жанель, Аделя, Анама, Аяна, Лунара, Анель, Венера* есімдерін таңдауда қазақ ата-аналарының уәжі мен мақсаты, жалпы әлеуметтің есім таңдауына ықпал ететін экстралингвистикалық факторларды анықтау мәселесі келесі жұмысымызға арқау болмақ.

<sup>1</sup> Сауалнама қатысушыларының жауаптарын өзгертусіз, өңдеусіз ұсынып отырмыз.

### Әдебиеттер

- Agyekum K. The sociolinguistic of Akan personal names // Nordic Journal of African Studies 15(2). – Helsinki, 2006. – С. 206–235.
- Никонов В.А. Имя и общество. – Москва: Наука. 1974. – С. 277.
- Feinberg R. What's in a name? Personal identity and naming on Anuta // Central issues in anthropology. – Kent, 1983. – С. 27-42.
- Mutunda S. Luvale personal names and naming practices: a socio-cultural analysis // International Journal of Education, Culture and Society. Vol. 1 (3). – С. 75-81. 23.12.2016. <http://article.sciencepublishinggroup.com/html/10.11648.j.ijecs.20160103.12.html>
- Sapir E. Brief communications. Personal names among the Sarcee Indians. American Anthropologist. Volume 26. – Pennsylvania, 1924. – С. 108-119.
- Zwebner et al. We look like our names: the manifestation of name stereotypes in facial appearance // Journal of Personality and Social Psychology, Vol. 112 (4). – Washington, 2017. – С. 527–554.
- Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.

- Әбдуәліұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: Астана-полиграфия, 2012. – С. 302-303.
- Әлімқұлов Қ., Қасымбеков М. Нұрсұлтан деп ат қойдым... – Алматы: Өнер, 2004. – 272 б.
- Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Наука, 1971. – 224 б.
- Карин Ф. Атыңыз қандай әдемі! – Алматы: Зерде, 2017. – 331 б.
- Мәдиева Г. Б., Алиакбарова Ә. Қазіргі қазақ кісі есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері // Хабаршы. Филология сериясы. №3 (171). – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 137-145 бб.
- Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
- Смағұлов А. Қазақ есімдері. – Алматы: Атамұра, 2013. – 800 б.
- Тұранов Ә. Қазақ антропонимдерін дәуірлеу мәселелері // Хабаршы. Филология сериясы. №5-6. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 211-215 бб.

### References

- Abdualiuly B. (2012). Qazaq antroponimjasamy: teoriyalıq jane praktikalıq negizderi [Kazakh anthroponomy: theoretical and practical framework]. Astana: Astana-poligrafiya. 302-303 b. (in Kazakh)
- Agyekum K. (2006). The Sociolinguistic of Akan Personal Names. *Nordic Journal of African Studies* 15(2). P. 206-235. (in English)
- Alimkulov K., Kasymbekov M. (2004). Nursultan dep at koidym... [I name you Nursultan...]. Almaty: Oner. 272 b. (in Kazakh)
- Feinberg R. (1983). What's in a name? Personal identity and naming on Anuta. *Central issues in anthropology*. P. 27-42. (in English)
- Karin G. (2017). Atynyz kandai ademi [What a beautiful name!]. Almaty: Zerde. 331 b. (in Kazakh)
- Kerimbaev E.A. *Kazahskaya onomastika v etnokulturnom, nominativnom i funktsionalnom aspektah* [Kazakh onomastics in ethno-cultural, nominative and functional aspects]. Almaty, 1995. 248 s. (in Russian)
- Madieva G., Aliakbarova A. (2018). Qazirgi qazaq kisi esimderiniń leksika-semantikalyq erekshelikleri [Lexical-semantic peculiarities of modern Kazakh names]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*. №3 (171), 137-145 b. (in Kazakh)
- Mutunda S. (2016). Luvale personal names and naming practices: a socio-cultural analysis. *International Journal of Education, Culture and Society*. Vol. 1 (3). P. 75-81. (in English) 23.12.2016. <http://article.sciencepublishinggroup.com/html/10.11648.j.ije.cs.20160103.12.html>
- Nikonov V.A. (1972). Razmezhevanie lichnyh imen po polu u tjurkojazychnyh narodov [Delimitation of personal names by sex in Turkic languages]. *AN SSSR AN AzerbajdzhanskoiSSR. Sovetskaja tjurkologija*. Baku. No 2. S.158. (in Russian)
- Sapir E. (1924). Brief communications. Personal names among the Sarcee Indians. *American Anthropologist*, Vol. 26. P. 108-119. (in English)
- Seidimbek A. (2008). Qazaqtyn auyzsha tarihy: zertteu [Colloquial history of Kazakhs: research]. Astana: Foliant. 728 b. (in Kazakh)
- Smagulov A. (2013). Qazaq esimderi [Kazakh names]. Almaty: Atamura. 800 b. (in Kazakh)
- Turanov A. (2012). Qazaq antroponimderin dauirleu maseleleri [Problems of development of Kazakh anthroponyms]. *Vestnik KazNU. Seria filologicheskaiya*. №5-6, 211-215 b. (in Kazakh)
- Zhanuzaqov T.Zh. (1971). Qazaq esimderinin tarihy [History of Kazakh personal names] (Lingvistikalıyq zhane tarihi etnografıyalyq taldaı). Almaty: Gylym. 218 b. (in Kazakh)
- Zwebner et.al. (2017). We look like our names: the manifestation of name stereotypes in facial appearance. *Journal of Personality and Social Psychology*, Vol. 112 (4). Washington. P. 527–554. (in English)